

УДК 372.851.02

Суранчиева З.Т.

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Қазақстан Республикасы, zina\_ss@mail.ru)

## ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Аннотация.** Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқыту үдерісінде технологиялық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Осыған байланысты қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарастар мен білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде заманауи бағдарламалар пайда болуда. Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Оқу үрдісінде әрбір педагог өзінің сабағын тиімді және қызықты өткізу барысында Prezi бағдарламасының өте көп мүмкіндіктерін пайдалана алады. Prezi-дің басқа презентация жасауға арналған бағдарламалардан өзіндік ерекшеліктері бар. Презентация жасауға арналған Prezi.com сервисінің жұмысы масштабтау технологиясына (презентация фрагменттерін үлкейту және жақындату) негізделген.

**Кілттік сөздер:** масштабтау, медиа, презентация, сюжеттік бағыт, интерфейс, шаблон

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

22-қыркүйек 1997 жылғы (№3645) Қазақстан Республикасы Президентінің үкімімен бекітілген ҚР Президентінің Мемлекеттік бағдарламасы білім беруді ақпараттандыру үдерісінің негізін қалады. Білім беру саласында бағдарлама негізінде елімізде кешенді және нақты жұмыстар атқарылуда.

Осы бағдарламаның жүзеге асырылуына әрбір педагог мамандар компьютерлік сауаттылығын арттыра отырып білім беру үрдісінің заманауи талапқа сай жандануына өз үлесін қосуда. Осыған орай мақала барысында білім беруде дидактикалық материалдарды ақпараттық технологияның көмегімен қызықты әрі тартымды, эстетикалық талапқа сай жасау барысында Prezi.com бағдарламасының ерекшелігі қарастырылады.

Prezi.com – бұл сызықтық емес құрылымдағы интерактивті мультимедиялық презентациялар жасауға арналған web-сервис. Microsoft PowerPoint немесе OpenOffice Impress программасында жасалған презентациялар слайдтардан тұратын болса, Prezi-дің негізгі эффектілері слайдтан слайдқа көшу арқылы емес, слайдтың жеке элементтерін үлкейту арқылы байланысқан. Сервистің интерфейсі ағылшын тілінде, бірақ презентацияға мәтінді кез-келген тілде енгізуге болады.

Prezi-дің ерекшеліктеріне тоқталып өтейік:

- Масштабтау. Жеке элементтерге көңіл аудару үшін презентация фрагменттерін үлкейту;
- Медианы жүктеу. Microsoft PowerPoint-та жасалған слайдтарды, суреттер мен бейне жазбаларды, PDF-файлдар және тағы басқаларды жүктей алу;
- Интернетте және компьютерде қолдану. Онлайн-презентацияларды қолданып, оларды өз ДК-ге жүктеу мүмкіндігі бар;
- Сюжеттік бағыт. Презентацияның сызықтық емес өзіндік көрсетілімін баптау;
- Бірлескен жұмыс. Нақты уақытта презентация-жобаларын дайындау;
- iPad-пен жұмыс. iPad-та Prezi-презентацияларын редактрлеп, көрсету.

*Prezi.com қызметін қолдану шарттарында 3 тарифтік жоспар қарастырылған:*

- «Public FREE» — бұл тегін тариф, мұнда презентациялар онлайн жасалынып, компьютерге жүктеледі. Файлдарды сақтау көлемі - 100mb.

- «Enjoy 59\$/жылына». Бұл ақылы тарифтік жоспардың қосымша мүмкіндіктері бар: Презентацияларға Prezi логотипінің орнына өз логотипіңізді қоюға және ағылшын тілінде құрастырушылардан көмек алуға болады. Көлемі: 500mb.

- «Pro 159\$/жылына». Бұл тарифтік жоспар жоғарыда айтылғандардан басқа, Prezi Desktop бағдарламасының көмегімен өз компьютеріңізде презентацияларды редактрлеуге көмек береді. Көлемі: 2000mb

## • **Общественные науки**

Prezi.com - да жұмыс істеу үшін қажетті компьютер конфигурациясы:

- минималды жады көлемі: 1Гб;
- Adobe Flash Player 10 немесе одан да соңғы нұсқаларының ДК-де орнатылған болуы керек.

Қолданылатын браузерлер:

- Google Chrome;
- Яндекс Браузер;
- Mozilla Firefox;
- Internet Explorer;
- Opera;
- Safari.

Қолданылатын операциялық жүйелер:

- Windows XP/Vista/7/8;
- Mac OS;
- Linux.

Prezi.com сервисімен жұмыс жасау үшін қолданушы сайтқа тіркелуі қажет. Төменде Prezi.com сайтына тіркелу алгоритмі келтірілген.

1. <https://prezi.com> сайтына кіріп, сайт бетінде “Get started” батырмасын басып, тарифтік жоспарды таңдаңыз. Мысалы, “Public” терезесінен “continue free” таңдаңыз.

	Enjoy	Pro	Teams
Storage	4GB	Unlimited	Unlimited
Control privacy settings	●	●	●
Access on any device	●	●	●
Premium Support	●	●	●
Image editing tools	●	●	●
Work offline	●	●	●
Prezi Training	●	●	●
Central Account Management	●	●	●
Low commitment (billed monthly)	\$10.00/mo	\$20.00/mo	--
Low cost (billed annually)	\$4.92/mo	\$13.25/mo	\$13.25/mo
	14 Days	14 Days	

Сурет 1. Тарифтік жоспарды таңдау терезесі

2. Ары қарай өзіңіз туралы мәліметтер толтырылады:

- аты-жөніңіз (First name, Last name);
- өзіңіздің электронды адресіңізді енгізіңіз (e-mail);
- Prezi.com сайтына кіру үшін құпия сөз (password) ойластырыңыз;
- сіз қандай жұмыспен айналысасыз (So what do you do?) тізімнен қажетті саланы Мысалы, Education таңдаңыз.

- біреуін таңдаңыз (Select one) тізімінен College/University таңдаңыз.

- Public аккаунтын (Create your free Public account) таңдаңыз.

3. Егер барлық өріс дұрыс толтырылған болса, онда терезеде мынадай хабарлама шығады:

Prezi

Create your free Public account

First name Last name

Email

Password Mum's the word.

So what do you do?

By proceeding you agree to the Terms of Use and Privacy Policy.

Create your free Public account


or sign up with LinkedIn or Facebook

PRODUCT COMPANY CAREERS SUPPORT

Сурет 2. Public аккаунтын таңдау терезесі.

4. Осыдан кейін Сіз Prezi-дағы өзіңіздің жеке кабинетіңізге өтетін боласыз. Осымен тіркелу аяқталады. Prezi сайтына тіркелгеннен кейін Сізге Prezi веб-сервисінің жеке кабинеті қолжетімді болады.

Жеке кабинеттің басты беті 3-суретте келтірілген.




Сурет 3. Prezi-дағы жеке кабинет терезесі

Жеке кабинеттің басты бетінде қолданушы интерфейсінің негізгі элементтері орналасқан:

1. Олар:
  - Your prezis – сіздің презентацияларыңыз орналасқан бет;
  - Explore – дайын Prezi презентациялары бар тақырыптық лента;
  - learn & support – Prezi сервисімен жұмыс істеуге арналған үйретуші материалдар (ағылшын тілінде);
2. Prezi.com веб-сервисінің соңғы жаңалықтары туралы ақпараттық лента.
3. Сізге жаңа презентация (“New prezі”) жасауға мүмкіндік беретін сіздің презентацияларыңыз (“Your prezі”) орналасқан сілтеме;
4. Беттің төменгі жағында Prezi сервисінің (тарифтік жоспарлар, құқықтық ақпарат, көмек және т.б.) маңызды ақпараттарына жылдам қол жеткізуге арналған меню орналасқан.

Жеке кабинеттегі «Сіздің prezі-іңіз» терезесінде жаңа презентация құру үшін:

1. “New prezі” сілтемесін басасыз.
2. Презентацияны «таза беттен» немесе дайын шаблондарды қолдану арқылы бастайсыз. Алғаш рет жұмыс жасау барысында орнатылған шаблонды таңдаған дұрыс. Онда бірнеше слайдтар бар және ауысулар мен арнайы элементтерді үлкейту қызметтері қосылып қойылған.



Сурет 4. Шаблон таңдау терезесі

Жеке кабинеттің басты бетінде қолданушы интерфейсінің негізгі құрылымдық элементтері 5-суретте келтірілген.



Сурет 5. Prezi.com сервисінің интерфейсі

*I. Жоғарғы сол жақ меню*

- презентация атауы;
- соңғы әрекеттерді болдырмау/қайталау;
- өзгертілген презентацияны сақтау;
- презентацияға суреттер, дайын элементтер, бейне жазбаларды, дайын сызбаларды, дыбыстарды, PDF форматындағы файлдарды, PowerPoint-та дайындалған слайдтарды қосу;

Insert менюі арқылы орындалады:

- Images - презентацияға суреттер қосу;
- Symbols & Shapes — символдарды қою (жалаушалар, жұлдызшалар және т.б.), дайын элементтер қосу (сызықтар, маркерлер, геометриялық фигуралар және басқа да объектілер);
- YouTube – бейне жазбаларды қосу;
- Layouts — слайд бойынша ауысу үшін дайын сызбаларды қосу;
- Add Background Music – дыбыстарды қосу;
- From file (PDF, Video) – файлдарды қосу;
- Powerpoint — Microsoft PowerPoint-та дайындалған слайдтарды қосу

Prezi презентацияларының шаблондарын баптау үшін Customize менюіндегі Theme батырмасын басу арқылы фондық безендіруді орындауға болады.

*II. Жоғарғы оң жақ меню.*

Солдан оңға қарай:

- презентацияны көрсету режиміне көшеді;
- презентацияны баспадан шығару үшін .pdf форматында сақтау;
- презентацияны түрлі монитор өлшемінде көрсетуді баптау;
- презентацияны редактрлеу режимінен шығу және сақтау.

Презентация жасалынып болған соң Prezi-презентациясын компьютерге жүктеуге болады, бірақ презентация жүктелгеннен кейін ол түзетілмейді. Web-редактордан компьютерге жүктеу жолын қарастырайық. Web-редактордан презентацияны жүктеу үдерісі қарапайым:

1. Prezi.com сайтындағы өзіңіздің есептік жазбаңызға кірісіз.
2. Презентация бетіне өтесіз.
3. Download батырмасын басасыз.

Prezi-де жұмысты аяқтау үшін «Logout» сілтемесін басасыз. Сонымен бірге Prezi.com сервисінде өз презентацияларыңызға бірлесіп қолдану қолжетімділігін қою мүмкіндігі бар. Егер сіз әріптестеріңізге презентацияларыңызды қарауға, көшіруге және бірлесіп редактрлеуге рұқсат беретін болсаңыз қажет болады.

Сонымен қорыта келгенде, Prezi презентация жасауға арналған дайын жүйе және оның өзге презентация жасау бағдарламаларынан ерекшелігі слайд жасау, көрнекілік құрал жағынан бейнематериалдар көрсету барысында тиімді, әрі қызықты болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Ю.В.Бородакий, Ю.Г.Лободинский. Информационные технологии. Методы, процессы, системы-М.:Радио и связь, 2002

[2] <http://www.oprezi.ru>

REFERENCES

1. Ju.V.Borodakij, Ju.G.Lobodinskij. Informacionnye tehnologii. Metody, processy, sistemy-M.:Radio i svjaz', 2002

2. <http://www.oprezi.ru>

Суранчиева З.Т.

**Оптимальные методы создания презентации в учебном процессе**

**Резюме.** В статье приведены алгоритм регистрации на Prezi.com и его возможности, также деятельность web-сервиса Prezi предназначенного для создания мультимединой презентации, используемой в обучении. Рассмотрены элемента пользовательского интерфейса, и загрузка презентаций на компьютер. Prezi.com является web-сервисом предназначенным для создания интерактивных мультимедийных презентаций на нелинейной структуре.

**Ключевые слова:** масштабирование, медиа, презентация, сюжетное направление, интерфейс, шаблон

Suranchieva Z.T.

**Practices for creating a presentation in the learning process**

**Summary.** The article presents the registration algorithm in Prezi.com and its capabilities, as the activities of web-service Prezi designed to create multimedia presentations used in training. Considered user interfaces' elements and downloading presentations on the computer. Prezi.com is a web-service designed to create interactive multi-media presentations in a non-linear structure.

**Key words:** scaling, media, presentation, plot direction, interface, template.

УДК 504:37.03

**Г.Т. Түгелбаева, А. Е. Канибекова**

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы)

**КЕЙБІР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды (суды, ауаны, топырақты, жер қойнауын) тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады.

Табиғат пен қоғам арасындағы өзара қарым қатынастың күрделене түсуіне байланысты, табиғи ресурстарды қорғау туралы әр түрлі ақпараттар көзінен, оқу пәндерінен, ғылыми көп таралған әдебиеттер, телебағдарламалар т.б. алынып жатқан мәліметтерді толық және дұрыс түсіну үшін әрбір адамның экологиялық мәдениетін өзгертуге бағытталған шараларға сәйкес, жоғары оқу орындарының студенттері мен орта білім беретін мектептердегі оқушылардың экологиялық білімдерінің деңгейін көтеруге көңіл бөлінген.

Экологиялық білім негіздерін жоғары оқу орындары мен мектепте оқытуды жетілдірудің концептуалдық негіздері келтіріледі.

**Түйін сөздер:** қоршаған орта, экологиялық білім, электр өрісі, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.

Қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан электродвигателдердің артықшылықтары мен электр тогының әр түрлі әсерлері (оның ішінде әр түрлі токтармен емдеу әсері, ток күшінің жылулық әсерлерін тұрмыста, өндірісте және ауыл шаруашылығында пайдалану жолдары) т.б. электр энергиясын іс жүзінде пайдаланумен таныстырудың маңызы зор екендігін айтпай кетуге болмайды. Бұл ретте келесі тақырыптарға баса көңіл аудару қажет.

«Ток күші, кернеулік, кедергі» тақырыптарын өткен кезде экологиялық таза энергия көздерімен оқушыларды таныстыруды одан әрі жалғастыруға болады.

Электр өрісі – электр өрісінің кернеулігі, электр өрісіндегі өткізгіштер, кернеулік, конденсатор, электр өрісінің энергиясы туралы мағлұматтар беру.

Магнит өрісі – электр өлшегіш құралдарының жұмыс істеу принципі, дыбыс шығарғыш қондырғы, заттардың магниттік қасиеттері, информацияларды магниттік әдіс арқылы жазу.

Электр тогы – металдардың өткізгіштігінің электрондық теориясының негізгі жағдайы, кедергінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштер туралы түсінік, терморезистор, жартылай өткізгіштердің құралдарға қолданылуы, электролиттегі электр тогы, электролиз заңдары, электролиздің қолданылуы, газдардағы электр тогы, плазма туралы түсінік, МГД-генераторлары.

Оқушылардың экологиялық іс-әрекеті – бұл табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи ортаны қорғау және сақтау екендігін түсінулері керек.

«Идеал газдың молекула-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі мен температура және оны өлшеу» тақырыбын өткен кезде оқушылар төмендегідей бірнеше экологиялық маңызы зор материалдармен танысады. Олардың негізгілерін атап өтейік.

Жылу дегеніміз - заттарды құраған барлық молекулалардың кинетикалық және потенциалды энергиясының қосындысы, яғни энергияның өлшемі. Температура – затты құраған молекулалардың қозғалысының жылдамдығының өлшемін білдіреді. Берілген температурада әр түрлі заттардың молекулалардың кинетикалық энергиялары бірдей болуы мүмкін, бірақ бұл заттардың жылу энергиясы олардың тығыздығы мен молекулалық салмағына байланысты әр түрлі болады [2].

Судың жылу сыйымдылығы су ортасының біртектілігін қамтамасыз етеді және су организмдердің тез жылу беруін тудырады. Ауа сумен салыстырғанда күшті жылу өткізбейтін қасиеті бар, соған байланысты жерде өмір сүретін құстар мен ұсақ қоректілер де эволюция барысында жылы қан-